



АСТАНА

АҚШШАМЫ



Шайсұлтан Шаяхметовтің өнегелі өмірі туралы не білеміз?

Биыл қоғам және мемлекет қайраткері, Қазақстан Республикасы Инженерлік академиясының корреспондент-мүшесі, Мәскеу халықаралық шығармашылық академиясының толық мүшесі, Американың Гранд Каньон университетінің құрметті профессоры, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Білім министрі Шайсұлтан Шаяхметов тірі болғанда 75 жасқа толар еді. Ғалымның мерейтойын жаз соңы, күз басында туған жері – Қостанай облысының Наурызым ауданында кеңінен атап өту жоспарланып отырса, той әлқиссасы Астанада шертілді. Осындағы өзінің атын иеленген Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы ардақты азаматтың әруағын бір аунатып, «Шайсұлтан Шаяхметовтің өнегелі өмірі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

Шынымен де, Шайсұлтан Шаяхметовтің өмірі кім-кімге болсын үлгі етуге тұрарлық. Ол жайында айтқанда, «тұңғыш» деген сөз еріксіз тіл ұшына оралады. Әулиекөлдегі орта мектепті алтын медальмен бітірген тұңғыш түлек, самбо күресінен спорт шебері атағын алған тұңғыш қазақ, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Білім министрі – осының бәрі де оның тұлғасына қатысты айтылады.

Шайсұлтан Шаяхметов Білім министрі қызметіне 1987 жылы тағайындалды. Ал, ол КСРО-ның іргесі сөгілмей тұрған кез. Содан 1993 жылға дейін осы саланы алға сүйреп, ыстығына күйді, суығына тоңды. Сол уақытта ел, ұлт болашағына қатысты көптеген мәселелерді айтып, жазып жүрді. Әсіресе, оны ана тіліміздің жайы алаңдататын. Айтып, жазып қана қоймай, нақты істердің қолға алынуына да мұрындық болды. Соның бір дәлелі – халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының құрылуы. Осы ұйымның құрылуына ұйытқы болған адамдардың бел ортасында Шаяхметовтің есімі тұр.

Еліміз тәуелсіздігін алмай тұрған тұста: «Халқымыздың өзіне тән ұлттық ерекшеліктеріне, тіліне, мәдениетіне қауіп төнуі республикамыздың экономикалық, әлеуметтік, демографиялық жағдайларымен қат-қабат байланысты ұлғайып отырды. Жасыратыны жоқ, қазақ тілін дамыту мәселесі, оны балабақшаларында, оқу орындарында оқып-үйренуді жақсарту жайы, ұлттық әдет-ғұрыптарды, салт-дәстүрлерді қадірлеп-қастерлеу, дәріптеу көптеген жылдар бойы үкіметіміздің, тиісті министрліктер мен ұйымдардың, мекемелердің, халық ағарту орындарының назарынан тыс қалып келді» деп жазған еді Шайсұлтан Шаяхметов «Қазақстан коммунисті» журналына ащы шындықты паш етіп.

Әрі қарай 1990 жылы жарық көрген осы мақаласында: «Өткен 1960-1986 жылдар аралығында бес жүзден аса қазақ мектептерінің ешбір негізсіз жабылғандығы немесе аралас мектептерге айналдырылғаны, кейде, тіпті, санда бар санатта болмағандығы, соның салдарынан қазақ мектептері шәкірттерінің өсу деңгейі күрт төмендеп кеткендігі көпке белгілі. Ендігі жерде негізгі қимыл-әрекетімізді біз осы олқылықтардың орнын толтыру жолында жүргізгеніміз абзал» деп, айтқанын орындауға білегін сыбана кірісті.

Алып одақтың күйреуі алдындағы сол кезеңнен бастап, тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында қазақ мектептерінің саны ұлғаюына күш салды. Ал, ол жылдары ұлттық мектептер едәуір молая түсті. Мәселен, алысқа бармай, өзіміз оқыған мектепке келсек, орыс тілінде ғана білім беріп келе жатқан оқу орнында 1992 жылы қазақ сыныптары ашылды. Соның арқасында мектепті қазақша бітірдік. Сондықтан қазақ журналистикасында жүруіміздің алғышарты сол уақытта жасалды деп ойлаймыз.

Туған жер

*Туған жер – батысым да, шығысым да,
Ортаймас қазынам да, ырысым да.*

*Туған жер – көкей тескен күй-өлеңім,
Жеңіл сөз емес тұрған тіл ұшында.*

*Туған жер – қалың қара орманымсың,
Қабырғам қайысқан шақ қорғанымсың.
Келемін ой-қырыңды жаяу шарлап,
Шайқалтып өзгелер-ақ жорға мінсін.*

*Шешедей бала қамын мың ойлаған,
Қарайсың қайда жүрсем сынай маған.
Қанықпын ыстығың мен суығыңа,
Сен мені шынықтырған, шырайлаған.*

*Жырақта жүру қиын бір ай маған,
Құлындай енесіне қарайлаған.
Ойнақтап оза шауып, қайта оралып,
Туған жер, өзіңді мен шыр айналам.*

«Болашақ» бағдарламасына биыл 20 жыл толды деп жүрміз. Ақиқатын айтсақ, бұл бағдарламаның негізі Шайсұлтан Шаяхметов Білім министрі болған кезінде қаланды. Оған «Қазақ әдебиеті» газетіне 1991 жылғы 23 тамызда шыққан сұхбаты дәлел. Шет елдермен байланыс жайында тілшінің сұрағына ол: «1989-1991 жылдары министрлік 15 шет мемлекеттің министрлігімен, мекемелермен, жоғары оқу орындарымен байланыс жасады. Нәтижесінде, АҚШ-пен, Қытаймен, Германиямен, Польшамен, Испаниямен 5 ірі келісімшартқа отырдық. Атап айтатын болсақ, дәл бүгінгі күні қазақстандықтар 16 мемлекетте білімдерін арттырып жүр» деп жауап берді.

Қазірде өзекті болып келе жатқан терминология жайы да Шайсұлтан Шаяхметовті алаңдататын. Осыған өзі үлес қосып, химия саласы бойынша қазақша-орысша екі терминологиялық сөздіктің авторы атанды.

1998 жылдың 12 наурызында «Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің жанынан Республикалық мемлекеттік тілді жеделдетіп оқыту орталығын құру туралы» сол кездегі министр Алтынбек Сәрсенбаевтің №43 бұйрығы шығып, оған осы орталықты құру жөнінде бастаманы бірінші болып көтерген Шайсұлтан Шаяхметов басшы болып тағайындалды. Үкіметтің қаулысымен орталық 1999 жылдың қазанында өз жұмысын бастады. Шаяхметовтің арманы бұл орталықты халықаралық деңгейдегі ұжымға айналдыру болатын. Алайда, бұл арманына жете алмай, 2000 жылы кенеттен қайтыс болды.

2008 жылдың 14 қаңтарында орталыққа ғалымның аты беріліп, ол Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Тіл комитетіне қарасты «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны болып аталды.

Кейінгі жылдары орталықтың жұмысы шатқаяқтап қалды. Қызметкерлеріне жалақы айлап төленбей, жабылу алдында тұрды. Былтыр басшылығына филология ғылымының кандидаты Бижомарт Қапалбек келіп, қазірде істің оңалуына бар күшін салуда. Оның айтуынша, келесі жылдан бастап қолданбалы, іргелі ғылыми жұмыстарға қатысуға құқық алған орталық жұмысын кеңейтейін деп жатыр.

Шайсұлтан Шаяхметов жайлы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, режиссер Қалила Омаров деректі фильм түсіруді қолға алыпты. Фильм осы жылдың аяғында дайын болуы керек. Ол туралы бізге фильмнің екінші режиссері Әбдірахман Омаров жеткізді.

Шайсұлтан Шаяхметов жайлы айтқанда, айтпай кетуге болмайтын тағы бір жайт – оның ақындығы. Ақындық жолды қумаса да, төрт аяғын тең басқан, ұйқас-ырғағы бұзылмаған, мағынасы да терең, жүрек лүпілін сездіретін еш жерде жарияланбаған өлеңдеріне ғалым туралы жазылған «Жүзіне қарасаң жүрегі көрінетін жан» кітабында жолықтық.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ